

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 896 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 960 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 32-33, 399-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесіне:

көрсетілген ережеге 7-1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілетті органдардың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 466 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 19, 241-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 тамыздағы
N 896 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
7-1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінің мемлекеттік инспекторлары мен қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері, саны

Р/с | Лауазымы | Тапанша | Карабин

N | | немесе |

| |револьвер |

1 Мемлекеттік инспектор - Балық шаруашылығы
комитеті орталық аппаратының қызметкері 1

2 Балық ресурстарын қорғау мемлекеттік
инспекторы - Балық шаруашылығы комитеті
аумақтық органының қызметкері 1

3 Мемлекеттік инспектор - Орман және
аңшылық шаруашылығы комитеті орталық
аппаратының қызметкері 1

4 Мемлекеттік инспектор - Орман және
аңшылық шаруашылығы комитеті аумақтық
органының қызметкері 1 немесе 1

5 Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің ерекше қорғалатын табиғи
аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік
инспекторы 1 немесе 1

6 Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің қарамағындағы мамандандырылған
ұйымдардың лауазымды тұлғалары -
мемлекеттік орман күзетінің қызметкері,
сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды
тікелей жүзеге асыратын инспектор, қорықшы,
аңшылық маманы. 1 немесе 1

Оқ-дәрілердің нормалары мынадай есеппен белгіленеді:

Р/с | Патрондардың саны (дана)

N | Қарудың атауы | _____

| | Ауысымға | Қару | жылдық шығын:

| |жарақталған |бірлігіне | _____

| |мемлекеттік |азаймайтын| бір адамға | қару

| инспектор, | қор | практикалық | бірлігіне
| лауазымды | | атыстар | атылыс
| | тұлға | | үшін | тексеруі
| | | | үшін

— 1 Тапанша 16 24 8 4
(2 оқжатарда)
2 Револьвер 14 28 8 4
(қорапта)
3 Карабин 15 30 10 5
(оқтізерде)
4 Жекелей атуға 30 60 10 8
қайта жасалған (оқжатарда)
автомат

— Ескерту:

Қарудың жалпы саны бекітілген штат кестесі бойынша қызметкерлердің жалпы санынан аспауға тиіс, бұл ретте 10 бірлікке бір резервтік қару ұстауға рұқсат етіледі.

Жедел іс-шаралар жүргізу кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінің мына мемлекеттік инспекторлары мен қызметкерлері кемінде 3 адамнан тұратын топқа 1 бірлік есебімен жекелей атуға қайта жасалған автоматпен қаруланады:

балық ресурстарын қорғау мемлекеттік инспекторлары - Балық шаруашылығы комитеті аумақтық органдарының қызметкерлері;

мемлекеттік инспекторлар - Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті аумақтық органдарының қызметкерлері;

Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы мамандандырылған ұйымдардың лауазымды тұлғалары - жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын инспектор, қорықшы, аңшылық маманы.